

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

**WORKS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА, 2022
ASTANA, 2022



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference
**"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА
28.10.2022

ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9 (5Каз)
Ж 33

Рецензенты:

Мажитов Д.М. – к.э.н., профессор НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Stanislaw Luniewski – Генеральный директор ООО "ASTWA", профессор Университета финансов и менеджмента в Белостоке, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Artur Luniewski – Член правления ООО "ASTWA" доктор философии, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Экономика и предпринимательство» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Насырова Г.А. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Финансы» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Сембиева Л.М. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Государственный аудит» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Бейсенова Р.Р. – д.биол.н., профессор, заведующая кафедрой " Управление и инжиниринг в области охраны окружающей среды " ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Мукашева А.А. – д.ю.н., профессор кафедры "Гражданское, трудовое и экологическое право" ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Муталиева Л.М. – к.э.н., ассоциированный профессор, заведующая кафедрой «Туризм» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Жагыпарова А.О. – к.э.н., ассоциированный профессор, зам.декана по научной работе экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

ISBN 978-601-337-777-3

Ж 33

«Жасыл экономикаға» көшу жағдайында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы: еуропалық одақ елдерінің тәжірибесін қолдану» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022. – 484

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие Республики Казахстан в условиях перехода к «зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза». – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022. – 484

Works of the International scientific and practical conference «Sustainable development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of transition to a "green economy": application of the experience of the countries of the European Union». – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022. – 484

ISBN 978-601-337-777-3

УДК 338 (574)
ББК 65.9 (5Каз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022 © НАО
«Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022

- Научные поездки (ботанические, зоологические, геологические, этологические, этнографические, археологические, экологические и культурные);
- спорт (альпинизм, рафтинг и т.д.);
- Агротуризм (близкое знакомство с бытом и традициями сельского населения).

Узбекистан очень богат ресурсами и возможностями экотуризма. Экотуры, проводимые туроператорами по маршрутам «Ташкент-Чорвак-Ташкент», «Ташкент-Билдирсой-Чимён-Ташкент», «Ташкент-Зомин-Ташкент», «Ташкент-Айдарколь-Ташкент», прогулки на верблюдах по пустынным районам прогулка получает большое внимание и признание не только в Узбекистане, но и у туристов со всего мира [3].

В развитии экотуризма взаимное сотрудничество местного населения или какой-либо конкретной заинтересованной группы должно быть в соответствующем (оптимальном) соотношении. С этой точки зрения, прежде всего, необходимо различать экономическое и социальное участие или сотрудничество. Кроме того, учет воздействия экологических факторов при проектировании гостиниц, кемпинговых и спортивных сооружений, организации вело- и конного проката, сохранении ландшафтов при строительстве полей для гольфа и других спортивных сооружений, охране прибрежной территории, строительстве жилых нельзя оставить без внимания адаптацию архитектуры к местоположению, озеленение и благоустройство, строительство автовокзалов в отдаленных районах, учет экологии при планировании строительства и ремонта маршрутов общественного транспорта за пределами города и т.д.

Литература:

1. Закон Республики Узбекистан «О туризме». – Новые законы Узбекистана. Т. 22. – Т.: Адолат, 2000. – 131-140 с.
2. Нигматов. Н. Экологический туризм. Новости экологии, 2012. стр. 14-17
3. Окладникова Е.А. Международный туризм. География туристических ресурсов мира. М.: Омега – Л., 2002, с. 100
4. Тухлиев И.С. Технология разработки туристического продукта – НАМДУ, 2021.

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ТУРИСТІК САЛАНЫ ДАМУҒА МӘСЕЛЕСІ

Шоқан Р.

Э.Ғ.К., доцент

Рустемова С.М.

аға оқытушы

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана қ., ҚР
roza-shokan@mail.ru

Қазіргі күні ел экономикасының бәсекеге қабілеттілік дәрежесін анықтайтын факторлардың қатарына «жасыл» экономиканың даму деңгейі қосылып отырғаны белгілі. Ғылыми әдебиеттерде «жасыл» экономика түсінігін сипаттайтын түрлі анықтамалар бар. Зерттеушілердің бірқатары «жасыл» экономиканы адамдардың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан қарайтын болса, ғалымдардың басқа бір тобы “«жасыл» экономика – көміртектің аздығы, ресурс тиімді және әлеуметтік инклюзивті экономика”- деп қарастыруда.

«Жасыл» экономика түсінігі ғылыми айналымға алғаш рет 1989 жылы экономистер тобының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен патшалығы үкіметіне арнап, әзірлеген баяндамасында келтірілген [1]. Баяндама авторлары тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданылуы мүмкін экономикалық стратегиялардың мүмкіндіктеріне баға

берген. Сонымен қатар баяндамада экономика мен қоршаған ортаның өзара байланысын ғана емес, қоршаған ортаның экономикалық белсенділікке (ластану, қол жетімді ресурстардың азаюы, жұмыскерлер денсаулығының нашарлауы мен жаңа тұтынушылық қажеттіліктер) ықпалы да қарастырылған [2]. Сондай ақ «Green economy» мақаласының авторы Д. Пирс [1]: «жасыл» экономика-бұл адамдардың экономикалық өсуден бас тартуы немесе қызмет ауқымын шектеу және еркін нарықтармен шектелмейтін тұрақты дамуға қол жеткізудің орташа жолы- деп сипаттайды.

«Жасыл» экономиканы қарастыру барысында бірқатар белгілерге яғни экономикалық өсуді ынталандыру және тұрақты дамуды қамтамасыз ету; «жасыл» технологияны, «жасыл» инновацияны және «жасыл» бизнесті ілгерілету; «жасыл» инфрақұрылымды дамыту; «жасыл» тауарларды өндіру және т.б. мәселелерге назар аударылу керек. Келтірілген белгілер «жасыл» экономиканың жан-жақты сипатталуы мен оның дамуын айқындайды. «Жасыл» экономикада «жасыл» технология өндіріс факторын анықтайды. «Жасыл» технология баламалы энергия көздерін, экологиялық тасымалдау құралдарын, түрлі деңгейдегі қалдықтарды басқаруды қарастырады. Осы орайда, «жасыл» экономиканы «жасыл» технологияны пайдалану арқылы өмір сүрудің жоғары сапасын қамтамасыз етуші экономика деп сипаттауға негіз бар. «Жасыл» экономиканың үлгісі шектеулі ресурстардың көмегімен шексіз қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделу керек.

XX ғасырдағы қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуы қоршаған ортаға шексіз зиян тигізе отырып, қарқынды экономикалық өсуге бағдарланғаны белгілі. Адамзат әлемдік қауымдастықтағы ұлғаймалы қажеттілік пен осы қажеттілікті қанағаттандыратын биосфераның мүмкіндігінің жоқ екеніне бетпе бет келді. Табиғат байлығы және оның қоғамның дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі мен табиғаттың өздігінен қалыпқа келуі жағдайлары шексіз емес. Экономиканың қуатының өсуі тұтас биосфераны жоюшы күш ретінде көрініс берді. Табиғаттағы, қоғамдық дамудағы осыдай өзгерістер жағдайында 1992 Рио-де-Жанейро қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының «Қоршаған орта және даму» тақырырыбы бойынша ұйымдастырылған конференциясында «Тұрақты даму тұжырымдамасы» қабылданғаны белгілі. Тұрақты даму тұжырымдамасы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық компоненттерді біріктіре отырып, тұрақты дамуға жетуге бағдарлану болып отыр. Тұрақты дамудың үш компонентті арасындағы өзара байланыстың болуы, климаттық өзгерістердің маңызды салдары мен шектелген табиғи ресурстарды сақтау және «жасыл» экономикаға ауысу қажеттілігі қалыптасқан қазіргі жағдайда өзектілікке ие болуда. «Жасыл» экономика экономикалық өсуді ынталандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға, кедейшілік пен әлеуметтік теңсіздік тәрізді әлеуметтік мәселелерді төмендетуге бағдарланып отыр. «Жасыл» экономиканы сипаттайтын негізгі белгілер: табиғи ресурстарды тиімді пайдалану; табиғи капиталды сақтау және ұлғайту; қоршаған ортаның ластануын азайту; төмен көміртегі шығарындылары; экожүйелік қызметтер мен биоәртүрліліктің жоғалуын болдырмау және табыс пен жұмысбастылықты өсіру.

Қазір уақытта бірқатар елдер өздерінің ұлттық «жасыл» даму стратегияларын дайындап үлгерді. Мысалы, 2009 жылы Оңтүстік Корея «Жаңа жасыл курс» бағдарламасын әзірлеп, бағдарламаны жүзеге асыруға 38,1 млрд.долл. бөлген, қаражыландырудың 80%-ы жаңартылатын энергия көздеріне, энергиятиімді құрылысқа, көлікке, темір жолға, су жүйесіне және қалдықтарды басқаруға бағытталған [1].

Әлемдік экономикалық кеңістіктегі «жасыл» экономиканың даму дәрежесі туралы ақпараттарға сүйенетін болсақ, бірдей дәрежеде дамуы байқалмайды. «Жасыл» технологияны дамыту мен пайдалану жағдайлары бойынша Оңтүстік Корея, АҚШ және Ұлыбритания тәрізді елдердің алдыңғы қатарға еніп отырғанын көруге болады. Мысалы, Құрама Штаттарда «жасыл» экономика ЖІӨ- 4,2%-ын, Ұлыбританияда ЖІӨ- 8,8%-ы құрайды [1].

Қазақстан Республикасында экономиканы «жасыл» жүйеге көшіруге ықпал ету мақсатында бірқатар құжаттар қабылданып, «жасыл» экономиканы дамытудың құқықтық тетіктері айқындалды. 2013 жылы «Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» ҚР Президентінің жарлығы қабылданған [3]. Тұжырымдама

сәйкес: "Жасыл экономика" халықтың өмір сүру деңгейі жоғары болатын, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесінде және елдің қабылдаған халықаралық экологиялық міндеттемелеріне, оның ішінде Рио-де-Жанейро қағидаттарына, ХХІ ғасырға арналған күн тәртібіне, Йоханнесбург жоспарына және Мыңжылдықтар декларациясына сәйкес табиғи ресурстар ұқыпты әрі ұтымды пайдаланылатын экономика ретінде айқындалған.

"Жасыл экономиканы" еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі. Сонымен қатар, 2050 жылға қарай "жасыл экономика" шеңберіндегі жаңартулар ЖІӨ-ні 3 пайызға қосымша ұлғайтып, 500 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетулердің жаңа салаларын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандарттарын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндігі сипатталған. Аталмыш тұжырымдаманы іске асыру кезінде «жасыл» экономикағы көшудің келесідей бағыттары көрсетілген: су ресурстарын орнықты пайдалану; өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; қалдықтарды басқару; ауаның ластануын азайту; экожүйелерді сақтап қалу және тиімді басқару. Бұл бағыттардың ішінде экожүйелерді сақтап қалу және тиімді басқарудың маңыздылығы жоғары деп есептеуге болады. Экологиялық жүйелерді сақтау сонымен қатар тиімді басқару бірнеше бағыттар бойынша жүргізілмек. Олар: орман шаруашылығын басқару, балық шаруашылығын басқару, тірі табиғатты басқару және экологиялық туризм. «Жасыл» экономиканы дамыту жағдайында туризмнің экологиялық түрін дамыту жалпы экожүйелердің теп-теңдігін сақтау тетіктерінің бірі ретінде қарастырылу керек.

Қазақстанның туристік ресурстары елдің негізгі туристік активтерінің бірі болып саналады. Экологиялық туризмді ел аумағында дамыту үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ресурстық мүмкіндіктерін қолданудың мүмкіндігі жоғары.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді ұйымдастыру ерекше қорғауға алынған табиғи аумақтар режимінің ерекшеліктерін және олардағы табиғат қорғау мекемелерінің мәртебесін ескере отырып жүзеге асырудың қиындығы бар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігі [4]. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы қабылданған ҚР заңына сәйкес ерекше қорғалатын аумақтарды ғылымды, мәдениетті, оқу-ағартуды, білім беруді, туризмді дамыту мақсаттарында пайдалануға болады. Ел аумағында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрылу мақсаттарына және қорғалу режимінің түрлеріне байланысты мынадай түрлерге топтастырылған: мемлекеттік табиғи қорықтар; мемлекеттік ұлттық табиғи парктер; мемлекеттік табиғи резерваттар; зоологиялық парктер; мемлекеттік ботаникалық бақтар; мемлекеттік дендрологиялық парктер; мемлекеттік табиғат ескерткіштері; мемлекеттік табиғи қаумалдар және мемлекеттік қорық аймақтары [4].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті ұйымдастыруға болады ма? деген сұрақ көпшілікті қызықтырады әрі әлі де даулы сұрақ болып қалып отыр. Алайда, ел аумағындағы қорықтарда жаппай дамыту мәселесі дұрыс жолға қойылмаған. Бірақ шектеулі, танымдық (ойын-сауық мақсатында емес), мұқият реттелетін туризмді көптеген қорықтарда, ұлттық табиғи парктерде олардың аумағын, ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыруға болады. Қазақстанда экологиялық туризмнің дамуы бүкіл әлемде бар қағидаттар мен ережелер аясында ұйымдастырылу қажет. Экотуризм дегеніміз - "табиғи кешендерге зиян тигізбейтін, табиғатты қорғауға және жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін табиғаттағы туризм мен рекреацияның кез-келген түрі" (АҚШ экотуризм қоғамы, IUCN, VVF). Басқаша тұжырымдасақ, экологиялық туризм-"тұрақты және табиғи-бағдарланған туризм және рекреация". Экотуризмнің негізгі принциптері: табиғатқа саяхат, сонымен қатар мұндай саяхаттардың негізгі мазмұны-жабайы табиғатпен, жергілікті әдет-ғұрыптар мен мәдениеттермен танысу; экологиялық және әлеуметтік-мәдени сипаттағы жағымсыз салдарларды азайту, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтау; табиғатты және жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаны қорғауға жәрдемдесу; экологиялық білім беру және ағартушылық жұмыстар; жергілікті тұрғындардың экологиялық туристік қызметті

ұйымдастыруға қатысуы және олардың туристік қызметтен табыс алуы. Бұл жағдайда тұрақтылық туризмнің экологиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық салдарының оң жалпы балансын қалыптастырады.

Экологиялық туризм туристік қызметті тұтынушылардан нақты тәртіп ережелерін сақтауды және олардың белгілі бір міндеттемелерді өз еркімен қабылдауын қамтиды. Экологиялық туризм бір уақытта ойластырылған және танымдық сипатқа ие. Ол салыстырмалы тұрғыдан спорттық-сауықтыру сипатқа ие. Экологиялық саяхат барысында орман соқпақтарында, су жолдарында сапарлар ұйымдастырылуы мүмкін. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті ұйымдастырудың барлық ерекшеліктерін және ережелерін ескере отырып, табиғи аумақта серуендеу, балық аулау, жидектер мен саңырауқұлақтар жинау, рафтинг және т. б. сияқты іс-әрекеттерді ұйымдастырудың тиімділігі жоғары.

Қазақстан Республикасы территориясында ұйымдастырылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әлеуетін талдайтын болсақ. Қазақстан бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға: 10 мемлекеттік қорықтар, 10 мемлекеттік ұлттық саябақтар; 3 табиғи резерваттар; 49 табиғи қорықшалар, 127 геологиялық табиғи-қорықтық қор, 5 қорықтық аймақ, 6 ботаникалық және 3 зоологиялық бақтар, 26 мемлекеттік табиғат ескерткіштері, 2 ірі резерват яғни Семей және Ертіс орманы бар. Бұл территориялардың жалпы аумағы 2 млн. га-дан астам. Бұл көрсеткіш республиканың жалпы жер аумағының 8%-ына тең. Халықаралық стандарт бойынша әрбір мемлекеттің жалпы жер аумағының 10 – 12%-ы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бөлінуі тиіс. Мысалы, мұндай көрсеткіш Германияда 31,5%, АҚШ-та 15,8%, Жапонияда 14%, т.б. [5].

2021 жылғы мәлімет бойынша ел аумағында 27486792,94 га ерекше қорғалатын аумақ тіркелген. Осы аумақта табиғат – қорғау мекемелерінің саны 120 бірлік болса, ондағы 133 қызметкер ерекше мәртебеге ие табиғи аумақтарға келушілерге арнап, танымдық-экскурсиялық және туристік қызметтерді көрсетуге маманданған (1-кесте).

1-кесте Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы көрсеткіштер

	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Табиғат – қорғау кәсіпорындарының саны, бірлік	114	115	117	117	120
Жалпы алаңы, га	24220024,2	24557460,7	24373357,1	24373357,1	27486792,94
Келушілер үшін экскурсиялық қызметі көрсететін қызметкерлер саны, адам	30	30	49	143	133
Аумақтарда өткізілген экскурсиялар саны, бірлік	6327	6110	8166	2705	16536
Аумақтарға келушілердің саны, адам	1261942	1236813	1501625	985897	1552111
Ескерту: Авторлар [6] әдебиет көзі негізінде құрастырған.					

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың потенциалын қолдану арқылы ұйымдастырылған экскурсиялар саны талдауға алынған жылдар ішінде төмендегені байқалады. Егер 2017 жылы 6327 экскурсия ұйымдастырылған болса, 2021 жылы оның көлемі

16536 бірлікті құрады немесе өсу қарқыны 161 пайызға жеткен. Ал, 2021 жылы 1552111 адам ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда көрсетілген туристік қызметтерді тұтынған. Талдау кезеңдерінде ерекше мәртебеге ие аумақтардың кеңеюі және оны туристік – экскурсиялық мақсатта қолдану жағдайлары өскені байқалады. Ел аумағындағы табиғи ресурстардың әлеуетін пайдалануды жоғарылату арқылы туристік-экскурсиялық қызметтен түсетін табысты арттыруға мүмкіндік туғызу керек. Табыстың бұл түрі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күту, қорғау және қажетті инфрақұрылымдарды ұйымдастыруға бағытталу қажет.

Шетел тәжірибелерін саралайтын болсақ, 2019 жылы АҚШ-тағы ұлттық саябақтарға келушілердің саны 327,5 млн. адам болса, 340500 жұмыс орны құрылды, ұлттық саябақтарға келушілердің жұмсаған шығындары 21 млрд. АҚШ долларын құраған. Жылына Йелстоун саябағына келген үш миллион келушіден түскен жалпы табыстың 7-9%-ын саябаққа кіру үшін төлейтін ақы құраған. АҚШ саябаққа кірудің орташа билет құны 15 АҚШ доллары [7]. Міне, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кіру үшін алынатын ақы мөлшері де белгілі бір көлемді табысты құрауға ықпал етеді.

Экологиялық туризм мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әлеуетін қолданудың мүмкіндіктері бар екен жоғарыда келтірілген талдаулар көрсетіп отыр. Сондықтан табиғи-туристік ресурстық әлеуеттің жоғарылығын ескере отырып экологиялық туризмді ұйымдастыру белгілі бір деңгейде әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады. Бұл өз кезегінде БҰҰ-ның «Тұрақты даму тұжырымдамасында» келтірілген негізгі міндеттемелермен толық сәйкес келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Устойчивое развитие. Энергоэффективность. Зеленая экономика: монография/ В.П. Ануфриев, Ю.В. Гудим., А.А. Каминов. – М: ИНФРА-М, 2022. – 201 с
2. Животовская И.Г. Зеленая экономика как глобальная модель устойчивого экономического развития в XX в// РАН. ИНИОН. Центр науч.-информ. Исслед. Глобал. И регионал. – М., 2016. – 18 с. – (Сер.: Социал.-эконом. аспекты глобализации)
3. Қазақстан Республикасының "Жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы//<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңы.
5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар <https://kk.wikipedia.org/>
6. Қазақстан туризмі / Статистикалық жинақ (2017-2021) / қазақ және орыс тілдерінде / 65 бет
7. Рой О.М. Особо охраняемые природные территории: от консервации к развитию// Антиномии. 2021. Т21, вып. 2. С. 90-108

CURRENT STATE AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN

Merekeeva D.R., Nurpeisova A.M.

3rd year students of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: diana.merekeeva.02@gmail.com. akbota.nurpeisova.02@bk.ru

Introduction

To begin with, sustainable tourism requires great social responsibility. In general, the concept of sustainable tourism is explained by meeting the needs of tourists without harming local tourism, preserving it and contributing to its further development. The World Tourism Organization (WTO), the World Travel and Tourism Council (WTTC) and the European Union have defined sustainable tourism as follows: “Sustainable tourism development meets the current needs of tourists and host regions while protecting and enhancing opportunities for the future. All resources must be managed